

6D120100-Ветеринарлық медицина мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Батыс Қазақстан облысы шаруашылықтары жағдайында сиырлардың эндометритіне мониторинг жасау және емдеудің тиімді хаттамаларын ойлап табу» тақырыбындағы Габдуллин Досмукан Ермухановичтің диссертациялық жұмысына

АНДАТПА

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Сиырлардағы эндометрит табынның репродуктивті күй жағдайына әсер ететін және шаруашылыққа орасан зиян келтіретін сүтті мал шаруашылығындағы жетекші аурулардың бірі болып табылып Қазақстан Республикасының экономикалық және азық-түлік секторына әсер етуде. Аталған мәселе ветеринария ғылымы мен ауылшаруашылық тәжірибесі тұрғысынан назар аударуды қажет етеді. Ауылшаруашылығы саласындағы негізгі мәселердің бірі ол төл шығынының жоғары болуы себебінен шаруашылыққа үлкен зиян келтіруде. Сонымен қатар, ветеринарлық емдеу шығындары және ауруды басқаруға қажетті қосымша ресурстар шаруақожалықтардың шығындарын едәуір арттыруы мүмкін.

Мал шаруашылығында табынның ұдайы өндіру қызметі және төл алуы мен сүт өнімділігінің жоғары деңгейіне жету үшін, тек қана жануарлардың репродуктивті мүшелерінің қалыпты жағдайда қызмет атқаруымен қол жеткізуге болады. Қазіргі таңда ірі қара малдың репродуктивті мүшелері қызметінің патологиялары жануарлардың өнімділігінің және жалпы сүт өнімі рентабельділігінің одан әрі дамуына кедергі келтіретін алғашқы мәселелердің бірі болып табылады. Соңғы жылдары мал шаруашылығында ұрықтандырылмаған сиырлардың саны артуда.

Сиырлардың бедеулігінің себептері көптеген жыныс органдарының патологияларымен байланысты, ал негізгі себептердің бірі ол эндометрияның қабынуы болып саналады. Атап айтсақ өту үрдісіне байланысты эндометрит катаральды және іріңді-катаральды болып бөлінеді. Патологияны дер кезінде емдеу шараларын жүргізбеу, ол сиырларда сервис-кезеңінің ұзаруына және оларды табыннан жоюға әкеледі, ал емдеу шаралары көп уақытты қажет етеді. Осыған байланысты іріңді-катаральды эндометритке шалдыққан жануарларды емдеудің жаңа тиімді әдістеріне зерттеу жүргізу өзекті мәселенің бірі болып саналады.

Эндометриттің даму себептері мен патогенезін зерттеуде қол жеткізілген жетістіктерге қарамастан, алдын-алу әдістерін әзірлеу, олардың көріну жиілігі, әсіресе жоғары өнімді сүт табындарында төмендеу үрдісі байқалмайды. Ал керісінше, ірі мамандандырылған сүт шаруашылығының ұйымдастырылуына байланысты шектеулі жерлерде жануарлардың жоғары концентрациясы сиырларда туу және туғаннан кейінгі патологияларының тұрақты өсу тенденциясы байқалуда. Сүтті бағытындағы сиырларда іріңді-катаральды эндометритін емдеу келесідей талаптарға сай болуы қажет: сүт

өнімділігінің шығынын төмендету, әсер етуші препараттардың ағзаға тез және максималды таралуы, бактерияға қарсы қолданылатын препараттың белсенділігінің кең спектрі. Аналық малдың өнімділігін арттыру және бедеуліктің алдын алу ерекше өзектілікке ие, сол себептен кешенді түрде шешуді талап етеді.

Жұмыс мақсаты. Батыс Қазақстан облысы шаруашылықтары жағдайында сиырларда эндометриттің таралуына мониторинг жүргізу және емдеудің тиімді хаттамаларын ойлап табу болып табылады.

Зерттеу міндеттері.

1. Батыс Қазақстан шаруашылықтарында эндометриттің таралуына және акушерлік-гинекологиялық патологиялардың этиологиясына мониторинг жүргізу.

2. Туудың үшінші сатысында және одан кейін сиырлардағы жатырдың күй-жағдайын зерттеп бақылай отырып патологиясын болжау бойынша зерттеулер жүргізу.

3. Туғаннан кейінгі эндометритке шалдыққан жануарларды емдеу кезеңінде сиырлардың қанының гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштеріне талдау жүргізу.

4. Туғаннан кейінгі эндометритке шалдыққан сиырлардың жатыр микробиоценозын анықтау және бөлінген патогендік микробтардың антибиотиктерге сезімталдығын зерттеу.

5. Сиырларды емдеудің әзірленген хаттамаларының тиімділігін салыстырмалы бағалауды жүргізу және экономикалық тиімділігін анықтау.

Зерттеу әдістері. Ғылыми зерттеу жұмыстар Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы ЖШС Агрофирма «АКАС», Бәйтерек ауданы «Шканов Н.Е.», Ақжайық ауданы МБС «Жайық» және Ақтөбе облысы «Анисан» шаруақожалықтарында жүргізілді.

Репродуктивті органдар патологиясының таралу дәрежесін мониторингілеу үшін DRAMINSKI 4Vet Slim ветеринарлық ультрадыбыстық сканерінің көмегімен акушерлік-гинекологиялық диспансерлеу жүргізілді. Сиырлардың репродуктивті органдарының ауруларына диагноз клиникалық және зертханалық зерттеулер негізінде қойылды.

Туудың үшінші сатысында және туғаннан кейінгі кезеңінде жатыр патологияларын ерте анықтауда жатырдың жиырылуы күші мен ұзақтығы зерттелді. Туғаннан кейінгі жануарлардың жатыр жиырылуы қабілетін зерттеу үшін жатыр жиырылу қабілетін анықтайтын құрылғы көмегімен жүргізілді. (ЖЖАҚ № 483 рационализаторлық ұсыным, «03». 12.2015 ж.).

Сиырлардың репродуктивті органдарының патологияларын дифференциалды диагностикалау үшін жатырдың рН-ы ортасы жедел тесттер көмегімен жүргізілді. Жатырдың рН - ын анықтау әмбебап индикатор қағазымен анықталды (рН 0-12, Lachner, Чехия).

Қанның гематологиялық көрсеткіштері Abacus Vet 5.5200 (Diatron, Австрия) ветеринарлық анализаторымен, ал қан сарысуының биохимиялық көрсеткіштерін ChemWell (awareness technology, АҚШ) аппараты көмегімен жүргізілді. Анықталған микробиоценозды антибиотиктерге сезімталдығын

анықтау үшін микробиологиялық зерттеулер диско-диффузиялық әдіспен жүргізілді.

Микроорганизмдердің түрлік ерекшеліктері Берги әдістемелік құралымен анықталды (1980), Н.Н. Михайлов (1983), В.М. Карташов. Микроорганизмдерді сәйкестендіру морфологиялық, культуральдық және т.б. . (1988). Морфологиялық, культуралық және биохимиялық қасиеттерін ескере отырып, жалпы қабылданған әдістер бойынша жүргізілді (М.А. Сидоров 1982).

Әзірленген емдеудің хаттамасының тиімділігін анықтау үшін сиырларда үш емдеу сызбасының салыстырмалы тиімділігі анықталды. Зерттеу нысаны ретінде ЖШС Агрофирма «АКАС», «Анисан» ШҚ және «Шканов Н.Е.» ШҚ – ның 3-6 жасар, сүт өнімділігі 5000-6000 мың кг жылға қара ала сиырлары алынды.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы.

1. Батыс Қазақстан шаруашылықтарындағы акушерлік гинекологиялық патологиялардың, атап айтқанда эндометриттің таралуы мен этиологиясының мониторингі нәтижелері;

2. Туудың үшінші сатысында және одан кейін сиырларда жатырдың тығыздығын бақылау арқылы эндометритті болжау бойынша зерттеу жүргізу;

3. Туғаннан кейінгі эндометритті емдеу кезеңінде сиырлардың қанының гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштеріне талдау жүргізу;

4. Туғаннан кейінгі эндометритке шалдыққан сиырлардың жатыр микробиоценозын анықтау және оқшауланған патогендік микробтардың антибиотиктерге сезімталдығын зерттеу;

5. Ірінді-катаральды эндометритке шалдыққан сиырларды емдеудің жаңа әзірленген хаттамаларының тиімділігін салыстырмалы бағалауды анықтау.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы. Батыс Қазақстан облысы шаруақожалықтарында акушерлік-гинекологиялық патологияларды мониторингілеу нәтижесінде: ЖШС Агрофирма «АКАС» - 44,8%, ШҚ «Шканов Н.Е.» - 42,3% және ШҚ «Анисан» - 39,8% - ы анықталды, ал қабыну үрдісіне қарай ірінді-катаральды эндометрит таралуы бойынша жоғары көрсеткіш ЖШС Агрофирма «АКАС» - 70,8%, ШҚ «Шканов Н.Е.» - 63,3% және ШҚ «Анисан» - 58,6% анықталды.

Аталған шаруашылықтарда сиырларда ірінді-катаральды эндометриттің негізгі және қосалқы себептері анықталды. Бұл патологияның пайда болуының қосалқы себептерінің бірі болып құнарсыз азықтар, қоректік және минералды құрамы бойынша теңгерімсіздігі, туғаннан кейінгі кезеңдегі жануарлардың гиподинамиясы, жатырдың атониясы және гипотониясы болды, ал негізгі себептерге - шудың кешеуілдеуі, туу кезінде акушерлік қателіктер жіберу салдарынан жатырға патогендік микрофлораның енуі.

ЖЖАҚ – құрылғы көмегімен туудың үшінші және одан кейінгі стабысында сиырларда жатыр патологиясын ерте диагностикалау жүргізіліп,

жатыр патологиясын уақытылы анықтауға және алдын ала ем шараларын жүргізуге мүмкіндік туындады.

Әзірленген емдеудің хаттамасы сиырларда іріңді-катаральды эндометритте қанның гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік берді.

Барлық зерттелуші шаруашылықтарда іріңді-катаральды эндометритте сиырлардың жатырының микрофлорасының түрлік құрамы анықталды. Көп жағдайда кокк тәрізді микроорганизмдер стафилококктар - 66,7 – 73,6% - ын құрады, бұл микроорганизмдер көп жағдайда ЖШС Агрофирма «Ақас» сиырларында анықталды. Жатыр бөліндісінен анықталған микрофлораның препараттарға сезімталдығы анықталды. Антибиотиктерге жоғары сезімталдық Цефтимаг және Нитокс 200 препараттарында анықталды.

Іріңді-катаральды эндометритте сиырларды емдеу үшін терапевтикалық және экономикалық тұрғыдан біз әзірлеген (№2) емдеу хаттамасы тиімді болды, онда кешенді этиотропты, патогенетикалық және симптоматикалық терапия жүргізілді.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын негіздеу. Қазақстан Республикасының батыс өңірінде алғаш рет сүт шаруашылықтарында акушерлік-гинекологиялық патологиялардың таралуы, олардың көріну этиологиясы, сиырларда жатырдың тығыздығын бақылау арқылы туудың үшінші сатысында және одан кейінгі кезеңде эндометритті болжау жүргізілді. Туғаннан кейінгі эндометритке шалдыққан сиырлардың қанының гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштеріне талдау жүргізілді және емдеу кезеңінде туғаннан кейінгі эндометритте сиырлардың жатыр микрофлорасының антибиотиктерге сезімталдығы анықталды.

Жоғарыда аталған зерттеулердің негізінде эндометритті емдеудің хаттамалары әзірленді және олардың тиімділігіне салыстырмалы баға берілді.

БҚО шаруашылықтарында біз әзірлеген этиотропты, патогенетикалық және симптоматикалық терапияның кешенді емдеу әдістері іріңді-катаральды эндометритке шалдыққан сиырларды емдеу хаттамасы енгізілді.

Ветеринарлық тәжірибеде сиырлардағы іріңді-катаральды эндометриттерді емдеуде оң нәтижелерге қол жеткізуге және емдеу уақытын қысқартуға мүмкіндік беретін біз әзірлеген емдеу хаттамалары ұсынылды.

Зерттеу жұмысының нәтижелері «Ветеринарлық акушерлік, гинекология, гинекологиялық аурулар» және «Көбею биотехнологиясы» пәндері бойынша жоғары оқу орындары мен жоғары колледждің оқу үрдісіне енгізілген.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша жарияланған материалдар ғалымдарға өз зерттеулерінде қолдану үшін ұсынылған.

Біз әзірленген емдеу хаттамалары Батыс Қазақстан облысының шаруа қожалықтарында қолдануға ұсынылды.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі. Диссертация зерттеулері КеАҚ «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» ғылыми жобаларда 2018-2023 жж. ғылыми –техникалық бағдарлама: «Мал

шаруашылығындағы селекция әдістерінің тиімділігін арттыру», «Сүтті мал шаруашылығы саласында селекцияның тиімді әдістерін әзірлеу» жобасы, «Батыс Қазақстан аймағында сүтті сиырлардың көбею қабілетін арттыру» шарасы № 1 мем. тіркеу 0118PK01277, BR06249373 және «Қазақстанның әртүрлі табиғи-климаттық аймақтары үшін бейімделген ресурс-энергия үнемдейтін және цифрлық технологияларды қолдану негізінде сүтті мал шаруашылығында ұстау, азықтандыру, өсіру және өсімін молайту технологияларын әзірлеу» жобасы аясында жүргізілді BR10764965.

Докторанттың әр жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы. Докторант өз бетінше эксперименттік зерттеулер жүргізді, деректер жинады, оларды талдады және түсіндірді, мақалалар жазуға қатысты.

Диссертация тақырыбы бойынша барлығы 12 ғылыми мақала жарияланды, оның ішінде Scopus дерекқорына кіретін рецензияланатын ғылыми журналдарда - 2 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті - 4 мақала, халықаралық ғылыми – практикалық конференция материалдарында - 6 мақала жарияланды.

Жұмыстың көлемі мен құрылымы. Диссертация 118 беттен тұрады, келесі бөлімдерден тұрады: кіріспе, зерттеу бағытын таңдау, материалдар мен әдістер, зерттеу нәтижелері, қорытынды. Ғылыми жұмыста 21 сурет, 8 кесте, 6 қосымша бар. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 147 соның ішінде 27 шет елдік мақаладан тұрады.